



18/1-4 19.01.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Сейтжанова Ж.С.
2026 ж.

**ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОНЛАЙН-КУРСТАРДЫ
ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖӨНІНДЕГІ
ЕРЕЖЕ**

Е 281-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент қ.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі	Е 281-2026
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі	2-ші басылым 14 беттің 2-ші беті

1. «ОҚМА» АҚ Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығының білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі ӘЗІРЛЕП, ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Тексеру мерзімі – 3 жыл

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі		Е 281-2026
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі		2-ші басылым 14 беттің 3-ші беті

МАЗМҰНЫ

1.НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
2.АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
3.ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	5
4.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	5
5.АВТОР ҰСЫНАТЫН ОНЛАЙН-КУРСТЫ ӘЗІРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН БАСТАПҚЫ МАТЕРИАЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	6
6.ОНЛАЙН-КУРСТЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ.....	7
А ҚОСЫМШАСЫ.....	10
Б ҚОСЫМШАСЫ.....	12
В ҚОСЫМШАСЫ.....	14

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі	Е 281-2026
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі	2-ші басылым 14 беттің 4-ші беті

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

— Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» (2025 жылға енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге) заңы;

— Қазақстан Республикасының №407-IV 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» заңы;

— Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;

— Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің ««Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»» 2023 жылғы 7 тамыздағы № 397 бұйрығы;

— ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер;

— ҚР СТ ISO 9001:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

— СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарды басқару;

— Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы туралы ереже.

2. АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар қолданылады:

— «ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғам;

— ЖАОК – жаппай ашық онлайн курс;

— ОӘО – оқу – әдістемелік орталық;

— АК – академиялық комитеті;

QNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі	Е 281-2026
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі	2-ші басылым 14 беттің 5-ші беті

- ПОҚ – профессорлық – оқытушылар құрамы;
- СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
- ББЦҚЖПҚАБ – білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережеде төмендегідей терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:
Жаппай ашық онлайн курс – электрондық оқытудың бұқаралық технологияларын қолданумен және интернет желісі арқылы ашық қолжетімділікпен интерактивті қатысумен оқыту курсы.

Рецензия – әдеби немесе көркем шығарманы немесе ғылыми-зерттеу жұмысын объективті кәсіби талдауға негізделген сыни шолу, сараптамалық қорытынды-реферат, мақала, монография, эссе, магистрлік диссертация, курстық немесе дипломдық жоба және т. б.

Сарапшы (лат. Expertus – тәжірибелі) – сараптама жүргізетін маман, яғни осы салада құзыреті аз басқа адамдар қарайтын, шешетін мәселе бойынша білікті қорытынды, пайымдау беру үшін шақырылған немесе жалданған адам.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Осы онлайн-оқу курсына қойылатын талаптар туралы Ереже «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – СМЖ) ішкі нормативтік құжаты болып табылады және онлайн – курстың талаптары мен дайындау тәртібін айқындау мақсатында әзірленді.

4.2. Осы Ереже бойынша барлық жұмыстарды академиялық жұмыстар жөніндегі проректор бақылайды. Ереже талаптарының жұмыс жағдайында сақталуына Оқу – әдістемелік орталықтың (бұдан әрі – ОӘО) басшысы және құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығының басшысы жауапты болады.

4.3. Ережені онлайн-курсты дайындау үдерісіне қатысатын «ОҚМА» АҚ барлық қызметкерлері орындау үшін міндетті болып табылады.

4.4. Осы Ереже «ОҚМА» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және СМЖ тексеру кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа, сондай-ақ «ОҚМА» АҚ ректорының рұқсатымен және олардың сұратуы бойынша серіктес-тұтынушыларға ғана ұсынылады.

4.5. Онлайн-курсты дайындау тиісті білім беру деңгейінің оқу жоспарларына және модульдік білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

QNTÜSTIK-KAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі		Е 281-2026	
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі		2-ші басылым 14 беттің 6-ші беті	

4.6. Әзірленген бейне курстардың сапасын бағалау үшін сараптамалық тобы құрылады. Сарапшылар тізімі ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.7. Онлайн – курс үшін ұсынылатын материалдың сапасына автор(лар), кафедра меңгерушісі, академиялық комитетінің (бұдан әрі – АК) өкілдері, рецензенттер жауапты болады.

5. АВТОР ҰСЫНАТЫН ОНЛАЙН-КУРСТЫ ӘЗІРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН БАСТАПҚЫ МАТЕРИАЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Кафедраның профессорлық – оқытушылар құрамы (әрі қарай – ПОҚ) онлайн – курсты дайындау бойынша өз қызметін келесі талаптарды ескере отырып жүзеге асырады:

- онлайн-курс тақырыптарының оқытылатын пәндерге сәйкестігі;
 - заманауи ғылыми – клиникалық талаптарға сүйене отырып, оқу пәні бойынша ең өзекті білімді енгізу, нақты терминологияны, клиникалық хаттамалар мен алгоритмдерді қолдану;
 - тақырыпты жүйелі түрде ашу, теориялық материалды нақты мысалдармен үйлестіру, ұсынылған теориялық ережелердің практикалық мағынасын ашу;
 - ұрыс оқу және әдістемелік материалдарды ұсыну;
 - білім алушылардың жас, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке алуды сақтау;
- оқу материалы мазмұнының кәсіби бағыттылығы.

5.2. Курстың жұмыс бағдарламасын дайындау келесі құрылымдық компоненттерді ескере отырып жүзеге асырылады:

- пән туралы жалпы мәліметтер;
- пәнді оқытудың мақсаттары мен міндеттері;
- пәнді оқу бойынша оқу процесін қолдауды қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік жиынтықтың құрылымы;
- пәннің модульдік мазмұны;
- мазмұнның сипаттамасы;
- білім алушылар қызметінің құрылымы.

Пәннің модульдік мазмұны білім алушының оны игеруге қажетті оқу уақытының көлемін ұсыну, білім беру траекториясын таңдау немесе автор берген білім беру траекториясын пайдалану мүмкіндігі болуы үшін қажет.

5.3. Оқытушының қызметі келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- онлайн – курстың педагогикалық сценарийін дайындау;
- осы оқу пәні бойынша мазмұнды кәсіби талдау;

QNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі	Е 281-2026
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі	2-ші басылым 14 беттің 7-ші беті

— оқу және анықтамалық материалды құрылымдау: курс бойынша теориялық материалдар (конспект, презентациялар), тәжірибелік тапсырмаларды таңдау, тестілеу жүйесін әзірлеу (жекелеген тақырыптар бойынша, ағымдағы бақылау, аралық, қорытынды), өзін-өзі бақылауға арналған дидактикалық материалдар (тесттерді, тапсырмаларды, бақылау сұрақтарын таңдау), қосымша оқу – әдістемелік материалдар (фото және видео материалдар, ақпараттық – анықтамалық материалдар, нұсқаулықтар, глоссарий, сілтемелер және т.б.), таңдалған тақырыпқа сәйкес келетін әдебиеттер тізімі.

5.4. Педагогикалық сценарийді жоспарлау автордың мақсатты оқу топтарының ерекшеліктеріне сәйкес білім беру кеңістігі туралы нақты көзқарасын, оқу іс – әрекетінің мазмұнын мұқият жобалауды қамтиды. Жобалау кезеңінде осы міндеттерді шешу үшін мұғалім оқу пәнінің кеңейтілген бағдарламасын дайындап, оқу материалын таңдап, онлайн – курсты құруға негіз болатын электрондық мәтінді құрастыруы керек.

5.5. Оқу материалын құрылымдау және дайындау.

Автор курсты бөлімдерге бөліп, бөлім мазмұнын шағын мағыналы бөліктерге – сабақтарға (модульдерге) бөлуі керек. Модульдің әр бөлімінде және әр сабағында тақырып болуы керек. Курс тек жақсы жазылып қана қоймай, сайтта ыңғайлы құрылымдалуы керек.

6. ОНЛАЙН-КУРСТЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

6.1. Онлайн - курс келесі тәртіппен әзірленеді және бекітіледі:

— кафедра отырысында тақырыптың өзектілігі, пән, онлайн-курстың егжей-тегжейлі қадамдық сценарийі, жауапты тұлға, түсірілім орны қаралады және бекітіледі;

— автор ББЦҚЖПҚАБ – не онлайн - курс әзірлеуге өтінім береді (А ҚОСЫМШАСЫНДА көрсетілген);

— берілген өтінімдер негізінде ББЦҚЖПҚАБ қызметкері цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу жоспарын *(автормен келісілген түсірілім кестесі; автор бейнефрагменттерді түсіруге, дыбыстық сүйемелдеуге, монтаждауға қатысады)* әзірлейді. Аталған Жоспар академиялық жұмыс жөніндегі проректор тарапынан бекітіледі. Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат, оның ішінде аралық нәтижелер, «ОҚМА» АҚ әдістемелік кеңесінің отырыстарында қаралады;

— дайын онлайн-курсқа автор(лар) сараптама комиссиясынан оң рецензия алады, бекітілген тізімге сәйкес. Онлайн – курс критерийлерге сәйкес рецензиялануы тиіс (Б ҚОСЫМШАСЫНДА көрсетілген);

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі	Е 281-2026
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі	2-ші басылым 14 беттің 8-ші беті

— сараптама комиссияның оң рецензиясы алынғаннан кейін ББЦҚЖПҚА бөлімінің меңгерушісі онлайн-курстардың сараптамалық комиссиясының қорытындысын (В ҚОСЫМШАСЫНДА көрсетілген) береді. Аталған қорытынды онлайн-курсты кейінгі бекіту үшін міндетті құжат болып табылады;

— дайын онлайн – курс АК отырысында талқыланады және әдістемелік кеңеске шығарылады;

— қарастыру және бекіту кезеңдері кафедра және АК отырыстарының хаттамаларынан үзінділермен расталады;

— ББЦҚЖПҚАБ мамандары дайын контентті орналастыру мәселелері бойынша кеңес береді;

6.2. Дайын өнімді бөгде платформаларға орналастыру үшін «ОҚМА» АҚ әдістемелік кеңесінің отырысында бекіту қажет.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі	Е 281-2026
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі	2-ші басылым 14 беттің 9-ші беті

Әзірлеген:

Лауазымы	Т.А.Ж.
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімінің меңгерушісі	М.А. Наралиева

Тексерген:

Лауазымы	Т.А.Ж.
Құзыреттілік және қосымша кәсіптік білім беру орталығының басшысы	К.Ж. Кенесова
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.А. Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А. Кабиштаев

Келісілген:

Қызметі	Т.А.Ж.
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректоры	Н.Е. Аукенов
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректоры	М.У. Анартаева
Оқу-әдістемелік орталығының басшысы	Б.З. Долтаева
Медицина факультетінің деканы	А.А. Сейдахметова
Фармация факультетінің деканы	К.Е. Арыстанбаев
Интернатура және түлектерді жұмысқа орналастыру жөніндегі деканы	К.С. Кемельбеков
Резидентура деканы	Г.Е. Бектенова

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі		Е 281-2026	
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі		2-ші басылым 14 беттің 10-ші беті	

А ҚОСЫМШАСЫ

ЖАОК әзірлеуге өтінім

ЖАОК бағдарламасы Ашық онлайн курстың атауы	Онлайн курстың атауын көрсету
Білім беру бағдарламасы	Курс құрылатын білім беру бағдарламасын көрсетіңіз
Оқу жоспары бойынша пәннің атауы	Негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес пәннің атауын көрсету
Пәннің оқу жоспарындағы орны	Көрсету: — білім деңгейі; — оқу түрі; — міндеті немесе элективті пән; — оқу жоспарына сәйкес пәнге берілетін — кредиттер саны.
Курстың қысқаша аннотациясы	Курстың негізгі мазмұнын 2-3 сөйлемде көрсетіңіз
Оқытушы(лар) туралы ақпарат	Онлайн-курс авторларының әрқайсысы туралы ақпаратты көрсету (аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі, еңбек өтілі)
Курстың толық аннотациясы	Курс, өту формалары (онлайн немесе аралас) және құрылымы туралы толық ақпаратты көрсетіңіз
Курста оқу нәтижелері	Ойланыңыз және сөйлемді аяқтаңыз: «осы курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар алады...». Әрекет етістіктерін қолданыңыз (мысалы: қорытындылау, түсіндіру, қолдану, құру) және жалпы терминдерден аулақ болыңыз (мысалы: түсіну). 1. 2. 3.
Оқу жүктемесі	Курсты меңгерудің еңбек сыйымдылығын көрсетіңіз (кредиттер мен сағаттарда) – тыңдаушыларға курсты аяқтауға қажетті болжамды уақыт, оның ішінде бейнені көруге

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі		Е 281-2026	
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі		2-ші басылым 14 беттің 11-ші беті	

	және тексеру тапсырмаларын орындауға жұмсалған уақыт.
Мақсатты аудитория	Төменде көрсетілген тізімнен сипаттаңыз немесе таңдаңыз (қажетсізін жойыңыз): — Мектеп оқушылары; — Бакалавриат бағдарламасының білім алушылары; — Магистранттар; — Докторантура; — Интернатура; — Резидентура; — Кәсіби немесе жоғары білімі бар, біліктілігін арттырғысы келетін тыңдаушылар; — Басқа (көрсетіңіз).
Тыңдаушыларды даярлаудың қажетті деңгейі	Алдын-ала білім немесе дағды қажет екенін көрсетіңіз.

Кафедра меңгерушісі _____ (_____)

Ашық онлайн-курсты әзірлеуге жауапты _____ (_____)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі		Е 281-2026
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі		2-ші басылым 14 беттің 12-ші беті

Б ҚОСЫМШАСЫ

Онлайн курстарды бағалау критерийлері

(кафедраның атауы, курстың атауы, оқытылатын контингент, БББ)

Критерийлер тобы	Сараптама критерийлері	Балдар
Онлайн курстың құрылымы мен мазмұны	Мазмұны мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді	1-5
	Мазмұны пәнді оқыту талаптарына сәйкес келеді	1-5
	Қолданылатын терминдердің, анықтамалардың, тұжырымдардың толықтығы мен дәлдігі	1-5
	Автор келтірген мысалдар мен иллюстрациялардың дұрыстығы	1-5
	Курс бойынша оқытудың нақты мақсаттары мен өлшенетін нәтижелерінің болуы	1-5
	Күтілетін оқу нәтижелері мен әр бөлімде қол жеткізілетін құралдардың үйлесімділігі	1-5
	Қабылдаудың әртүрлі топтары үшін оқу материалын ұсыну формаларының әртүрлілігі (аудиалдар, визуалдар, дигиталдар, кинестетика)	1-5
	Бөлімдерлегі тақырыптардың атауы ақпараттық болып табылады. тартымды, түсінікті және қысқа	1-5
	Онлайн курстың логикалық құрылымының болуы	1-5
	Қосымша (қосалқы) материалдардың болуы (сарапшылардың сұхбаттары, Конспектілер, жаттығу тапсырмалары)	1-5
Тапсырма	Қиындық деңгейі бойынша тапсырмалардың әртүрлілігі	1-5
	Тапсырма түрлерінің әртүрлілігі	1-5
	Курстың қосымша теориялық материалдарымен тапсырмалар байланысы	1-5
	Курстың басынан аяғына дейін тапсырмалардың күрделену тенденциясы	1-5
	Тәжірибеге бағытталған тапсырмалардың болуы	1-5
	Оқыту мақсаттарына сәйкес келетін кері байланысы бар әрбір бөлімде тексеру сұрақтарының (тест форматында, жеке немесе бейне сұрақтарға кіріктірілген) немесе кемінде бір жаттығу сұрақтарының болуы	1-5
	Өзара бағалауға арналған тапсырмалар	1-5
	Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсынымдардың, нұсқаулықтардың болуы	1-5
	Онлайн курстың барлық құрамдастарын әзірлеуде ақпараттық және экрандық дизайн қағидаттарын есепке алу (ақпараттық аспект)	1-5

QNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі		Е 281-2026	
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі		2-ші басылым 14 беттің 13-ші беті	

Курстың техникалық сипаттамалары	Онлайн курстың барлық құрамдастарын әзірлеуде Эргономика қағидаттарын есепке алу (эргономикалық аспект)	1-5
	Онлайн курстың заманауи техникалық және технологиялық сипаттамаларға (технологиялық аспект)сәйкестігі	1-5
	Курстың маркетингі (курстың толық білім беру өнімі ретінде сәйкестігі)	1-5

* Ұпайларды ашып жазу:

[1] толық қайта өңдеу қажет.

[2] айтарлықтай қайта өңдеу/қайта өңдеу қажет.

[3] аздап нақтылау қажет (жеке элементтер).

[4] жалпы нақтылау қажет емес, оны пайдалану ұсынылуы мүмкін.

[5] пайдалану үшін сенімді түрде ұсынылуы мүмкін және үлгі бола алады.

* Ең жоғары рұқсат етілген ұпай саны — 105 балл.

73,5 баллдан жоғары жинаған жағдайда онлайн-курс пайдалануға ұсынылады.

Эксперт:

Лауазымы

Аты - жөні

ONTÜSTIK-KAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі	Е 281-2026	
Оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту ережесі	2-ші басылым 14 беттің 14-ші беті	

В ҚОСЫМШАСЫ

Онлайн-курстардың сараптамалық комиссиясының қорытындысы

БББ атауы, кімге арналған, онлайн курстың атауы онлайн курсын сарапшылар құрамының қорытынды нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілді:

№	Кафедра/Лауазымы/Сарапшы	Критерийлер тобы	Ұпайлар саны	Жалпы ұпай
1		Онлайн курстың құрылымы мен мазмұны		
		Тапсырма		
		Курстың техникалық сипаттамалары		
2		Онлайн курстың құрылымы мен мазмұны		
		Тапсырма		
		Курстың техникалық сипаттамалары		
3		Онлайн курстың құрылымы мен мазмұны		
		Тапсырма		
		Курстың техникалық сипаттамалары		
	Қорытынды жалпы ұпай саны:			

_____ кафедраның атауы онлайн курстың атауы _____, сарапшы топтың қорытындысы бойынша оқу барысында қолдануға ұсынылады.

ОӘО басшысы

Аты-жөні

Бөлім меңгерушісі

Аты-жөні

**Құзыреттілік және қосымша кәсіби
білім беру орталығының басшысы**

Аты-жөні